

## **"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15681 болып тіркелді.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10275 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі

Е.Біртанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

\_\_\_\_\_ Е. Сағадиев

2017 жылғы 8 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

2017 жылғы 6 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 7 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 16 тамыздағы  
№ 611 бұйрығымен  
бекітілген

## **"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.08.2020 № ҚР ДСМ-98/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) меншік нысанына қарамастан білім беру объектілерінде объект салынатын жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тұру, тамақтану, оқыту жағдайларына және өндірістік практикаға, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және қызмет көрсету жағдайларына, білім

алушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидалар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілерін (бұдан әрі – мектепке дейінгі ұйымдар) қоспағанда, білім беру ұйымдарының объектілеріне, оның ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, тәрбиелеу, тұру және тамақтану орнын ұйымдастыру объектілеріне, барлық түрдегі және типтегі интернат ұйымдарына (бұдан әрі – объектілер) қолданылады.

3. Объектілерде осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізіледі.

4. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) арнайы білім беру ұйымдары – бұл ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, өсір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары; 2) бастауыш мектеп – бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары;

3) бракераж – органолептикалық көрсеткіштер бойынша тамақ өнімдерінің және дайын тағамдардың сапасын бағалау;

4) білім беру ұйымдары – заңды тұлғалар, сондай-ақ меншік нысанына және ұйымдық құқықтық нысанына қарамастан, бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бағуды және оларға тәрбие беруді қамтамасыз ететін халықаралық мектеп мәртебесі бар заңды тұлғалардың филиалдары, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер;

5) гимназия – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де оқыту бағыттары бойынша кең ауқымда және тереңдете білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

6) дене тәрбиесі – адам денсаулығын нығайтуға және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған қызмет саласы;

7) жазу құралдары – жазу дәптерлері, жазуға және сурет салуға арналған құралдар, оларға қаламдар, қарындаштар, фломастерлер, пенал, циркуль, маркерлер, көмір түйірлері, борлар, стерженьдер, грифельдер жатады;

8) жалпы білім беретін мектеп – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен

тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

9) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары – жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын орындар бере отырып, оларды тәрбиелеу, оларға білім беру үшін қолайлы жағдай жасалатын ұйым;

10) жеке медициналық кітапша – жұмысқа жіберу туралы белгі қойылып, міндетті медициналық тексеріп-қараулардың нәтижелері енгізілетін, халықтың декреттелген тобының өкіліне берілетін жеке құжат;

11) жиынтық оқу жүктемесі – Үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті бөлігі сағаттарының жалпы саны;

12) интернат ұйымдары – тұратын орын беріле отырып, белгілі бір санаттағы адамдардың білім алу құқықтарына мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;

13) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (бұдан әрі – КТБО) – ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтағанға дейін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балалар мен жасөспірімдерді, уақтылы орналастыру мүмкін болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды, қорғаншылық және қамқоршылық органы балалардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе қамқорлыққа алған басқа адамдардан алып қойған балаларды, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балаларды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды және уақытша бағуды қамтамасыз ететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар;

14) лицей – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оларға кең ауқымда және тереңдете жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

15) мамандандырылған білім беру ұйымы – жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде әзірленген және ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең игеруге, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған негізгі және жалпы орта білім берудің мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

16) мектеп алды сыныптары (0) – жалпы білім беретін мектептерде бес, алты (жеті) жастағы балаларды тегін міндетті мектеп алды даярлау жүргізілетін сыныптар;

17) мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамытуға, денсаулығын нығайтуға және өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауға, шығармашылық еңбегіне, олардың жалпы мәдениетін

қалыптастыруға, жеке тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеуге, бос уақытын пайдалы өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге арналған оқу-тәрбие ұйымдары (бұдан әрі – мектептен тыс объектілер);

18) оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) – білім алушының оқу пәні (пәндер) бойынша білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған және оқулыққа ілеспе болатын жекелеген оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы;

19) оқу жүктемесі – әрбір жас тобы үшін оқу сағаттарымен өлшенетін оқу-тәрбие процесіне қатысудың нормаланатын жиынтығы;

20) оқу сағаты – сабақтың (жаттығудың) немесе дәрістердің сабақ басталғаннан үзіліске дейінгі ұзақтығы;

21) оңтайлы микроклиматтық жағдай – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге ұзақ және жүйелі әсер ету кезінде термореттегіш тетіктерінің көмегінсіз организмнің қалыпты жылу жағдайын сақтауды қамтамасыз ететін микроклиматтың сандық көрсеткіштерінің үйлесімдігі;

22) өндірістік бақылау – өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам мен мекендеу ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге бағытталған, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға орындайтын іс-шаралар, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтар кешені;

23) рекреация – үзіліс кезінде және сабақтан бос уақытта білім алушылар мен тәрбиеленушілердің демалуына және күшін қалпына келтіруге арналған үй-жай;

24) санитариялық-аулалық қондырғылар (бұдан әрі – САҚ) – орталықтандырылған кәрізбен байланысы жоқ, объектінің аумағында орналасқан жер үсті бөлігі мен қазылған шұңқыры бар дәретхана;

25) санитариялық арнайы киім (бұдан әрі – арнайы киім) – шикізатты, қосымша материалдар мен дайын өнімді механикалық бөлшектермен, микроорганизмдермен ластанудан және басқа да ластанулардан қорғауға арналған персоналдың қорғаныш киімінің жиынтығы;

26) септик – шағын көлемдегі тұрмыстық сарқынды суды тазалауға арналған құрылыс;

27) спорт объектілері – қызметі балалар және жасөспірімдерді емдеу-сауықтыру, дене шынықтыру-сауықтыру, оқу-тәрбие жұмыстарын және мәдени бос уақытты ұйымдастырумен және жүзеге асырумен байланысты ұйымдар;

28) сыныптардың толықтырылуы – сыныптағы білім алушылардың нормаланған саны;

29) ұтымды тамақтану – тамақтанудың физиологиялық және жас ерекшелігі нормаларын ескере отырып, теңестірілген тамақтандыру;

30) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары – кресло-арбалармен және/немесе басқа да қосалқы құралдардың көмегімен қозғалатын, тірек-қозғалыс аппараты

бұзылған және ауыратын мүгедектер, сондай-ақ сүйемелдеушілердің көмегімен қозғалатын, нашар көретін және/немесе көзі көрмейтін азаматтар;

31) шағын жинақталған мектеп – білім алушылар контингенті аз (5 баладан бастап), біріккен сынып-жиындары бар және оқу сабақтарын ұйымдастыру нысаны ерекше жалпы білім беру мектебі.

## **2-тарау. Объектінің салынатын жер учаскесін таңдауға, жобалауға, пайдалануға, реконструкциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

5. Объектінің жер учаскесін таңдау, жобалау, реконструкциялау "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері бойынша уәкілетті орган бекітетін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарымен айқындалады.

6. Жалпы білім беру ұйымдарының және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тұратын орындарын ұйымдастыратын объектілердің аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес барлық периметрі бойынша қоршау болуы тиіс. Қоршау зақымдалмаған болуы тиіс.

7. Объектілердің аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

8. Көп қабатты тұрғын үйлерде, жеке үй иелігінде, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылатын мектептен тыс объектілерде жеке жер учаскесі болмауы мүмкін.

9. Объектінің учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға апаратын жолдар асфальтпен, бетонмен немесе тазалауға қолжетімді басқа да қатты жабынмен жабылады.

10. Жалпы білім беретін ұйымдардағы үй-жайлардың (сыныптар, оқу кабинеттері) ауданы оқытудың аралас нысандарында (фронтальды және топтық) бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр (бұдан әрі – м<sup>2</sup>) нормасы белгіленеді. Технологияны және еңбекті зерделеу шеберханаларының, сондай-ақ бағыттар бойынша саралап оқытуға арналған мамандандырылған шеберханалардың ауданы бір білім алушыға шаққанда 3,75 м<sup>2</sup>.

11. Техникалық және кәсіптік білімнің (бұдан әрі – ТжКБ), орта білімнен кейінгі (бұдан әрі – ОБКБ), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (бұдан әрі – ЖОО) оқу кабинеттері мен дәрісханалары үй-жайларының ауданы:

1) 12 – 15 орын үшін 1 білім алушыға 2,5 м<sup>2</sup> ;

- 2) 16 - 25 орын үшін 1 білім алушыға  $2,2 \text{ м}^2$  ;
  - 3) 26 - 49 орын үшін 1 білім алушыға  $1,8 \text{ м}^2$
  - 4) 50-75 орын үшін 1 білім алушыға  $1,5 \text{ м}^2$ ;
  - 5) 76-100 орын үшін 1 білім алушыға  $1,3 \text{ м}^2$ ;
  - 6) 100-150 орын үшін 1 білім алушыға  $1,2 \text{ м}^2$ ;
  - 7) 150-350 орын үшін 1 білім алушыға  $1,1 \text{ м}^2$ ;
  - 8) 350 және одан артық орын үшін 1 білім алушыға  $1,0 \text{ м}^2$  болып айқындалады.
- Дәрісханалар, оқу кабинеттері, зертханалар жерүсті қабаттарда орналасуы тиіс.

12. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің саны объектінің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы санға енгізілмейді.

13. Әрбір ауысымда 1 білім алушыға шаққандағы аудан нормалары және осы Санитариялық қағидалардың талаптары сақталған жағдайда оқудың екі ауысымдық режимін ұйымдастыруға жол беріледі.

14. Пайдалану режимі шумен қоса жүретін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің алаңдауын тудыруы мүмкін, педагогикалық, медициналық, әкімшілік персоналдың жұмысына кедергі келтіруі немесе оларды бұзуы мүмкін үй-жайлар (сорғы қондырғысы бар бойлерлер, өндірістік үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, сорғы бөлімшесі бар салқындатқыш камералар, желдеткіш камералары, компрессорлық) жатын бөлмелермен, оқу, медицина кабинеттерімен көршілес, олардың астына немесе үстіне орналастырылмайды.

Шу мен дірілді оқшаулау жөніндегі іс-шаралар орындалған жағдайда жатын бөлмелерін, оқу және медициналық кабинеттерді, адамдар тұрақты болатын үй-жайларды, желдету жүйелерінің техникалық үй-жайларына тігінен және көлденеңінен жанасатын үй-жайларды орналастыруға жол беріледі.

15. Мектептен тыс мекемелер үй-жайларының жинағы қосымша білім беру бағдарламаларының іске асырылуына, бір жолғы сыйымдылығына, білім беру технологиясына, инженерлік-техникалық жабдыққа, қажетті жиһазбен жарақтандырылуына қарай қабылданады.

16. Спорт залының жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылады және торлармен жабылады немесе еденнен биіктігі 2,4 метрде (бұдан әрі – м) орналастырылады. Терезелерде және жарықтандыру аспаптарында қоршау құрылғылары көзделуі тиіс.

17. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған болуы тиіс.

Оқу үй-жайларындағы, кабинеттердегі және рекреациялардағы еденнің тақтай немесе паркет төсемі болуы тиіс. Едендерге ылғалды тәсілмен өңдеуге және

дезинфекциялауға жол беретін синтетикалық полимерлі материалдар, жылы линолеум төсеуге болады.

Спорт залының едені ағаштан болуы немесе арнайы төсемі болуы, еденнің беті тегіс, саңылаусыз және ақаусыз болуы тиіс.

Еңбекке баулу шеберханаларындағы еден механикалық әсерге төзімді, химия кабинеттері мен зертханаларында – химиялық реагенттерге төзімді материалдан жасалады.

18. Объектілер жеке тұрған ғимаратта немесе бірнеше жекелеген ғимараттарда пайдаланылады.

Объектілерді бейімделген ғимараттарда пайдалануға жол беріледі. Жалпы білім беру ұйымдарын бейімделген ғимаратта пайдаланған кезде оқу үй-жайларының және кабинеттердің есептік сыйымдылығы 1 білім алушыға шаққанда  $2,5\text{м}^2$  аудан нормасы ескеріле отырып айқындалады.

19. Мектептен тыс объектілерді, білім беру орталықтарын бейімделген ғимараттарда, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда, сондай-ақ тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында пайдалануға жол беріледі.

20. Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында пайдаланылатын объектілердің тұрғын үйдің кіреберісімен қосылмаған бөлек есігі болуы тиіс.

21. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер болатын, медициналық мақсаттағы үй-жайларды ғимараттардың жөртөле және цокольдық қабаттарда пайдалануға жол берілмейді.

22. Барлық үй-жайлар функционалдық мақсатына сәйкес пайдаланылуы тиіс.

23. Авариялық ғимараттарда және үй-жайларда орналасқан объектілерді пайдалануға жол берілмейді.

24. Объектілерде мектепке дейінгі ұйымдар, компьютерлік сыныптар, мамандандырылған медициналық және стоматологиялық кабинеттер, шаштараздар, кір жуатын орындар, бассейндер, оқу-өндірістік шеберханалары, тамақтану объектілері болған жағдайда "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодекстің 94-бабы мен және 95-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) талаптары қолданылады.

25. Объектілерді реконструкциялау кезінде осы Санитариялық қағидалардың 6-24-тармағы аралығындағы талаптардың сақталуы көзделеді.

**3-тарау. Сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**



26. Объектілерде орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен, ыстық сумен жабдықтау, су бұру көзделеді және олар жарамды жағдайда болуы тиіс.

27. Объектілер нормалау құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

28. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтарға (графиндер, шәйнектер, бөшкелер және басқалар) өлшеп-құйылған немесе шөлмектердегі ауыз су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді.

Суға арналған кулерлер (диспенсерлер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін таза ыдыс (шыны, фаянс ыдыс, бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланылады.

Жеке шөлмек сыйымдылықты пайдалануға рұқсат етіледі. Қайнаған ауыз су 3 сағаттан аспай сақталған жағдайда оны пайдалануға жол беріледі.

29. Стационарлық ауыз су бұрақтарының конструктивтік шешімдері судың тік ағынының айналасында биіктігі кемінде он сантиметр болатын шектеу сақинасының болуын көздейді.

30. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін объекті басшысының бұйрығымен жауапты адам тағайындалады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің объектілерде болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етіледі.

31. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда ішкі су құбыры және су бұру құрылғысымен жергілікті ауыз суы мақсатындағы көздерден алынатын су пайдаланылады.

32. Шаруашылық-ауыз су мұқтаждығы үшін әкелінетін ауыз-суды пайдалануға жол беріледі, оны жеткізу мамандандырылған автокөлікпен, ауыз сумен жанасуға рұқсат етілген материалдардан жасалған, уақтылы тазартылатын, жуылатын және дезинфекцияланатын таңбаланған арнайы сыйымдылықтарда жүргізіледі.

33. Әкелінетін сумен жұмыс істейтін объектілерде ауыз су қорын сақтауға арналған сыйымдылықтар орнатылған жеке үй-жай көзделеді. Сыйымдылықтар таңбаланады ("ауыз су"), олар апта сайын (және қажеттілігіне қарай) жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып, тазартылады және дезинфекцияланады. Ауыз суға арналған сыйымдылықтарды басқа мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

34. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда су жылытқыштар орнатылады. Ыстық және суық су тұратын жерлердегі, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы барлық ванналарға, себезгілерге, кір жуатын орындарға, қолжуғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы технологиялық жабдыққа араластырғыш орнатыла отырып, жүргізіледі.

Сумен жылыту жүйесіндегі ыстық суды технологиялық және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.

35. Сурет салуға және жабыстыруға, өсімдіктермен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар, шеберханалар, медициналық блок үй-жайлары, ас блогының өндірістік үй-жайлары ыстық және суық су өткізілген раковиналармен, қол жууға және кептіруге арналған құралдармен жабдықталады.

36. Объектілерді кәріз жүргізілмеген және ішінара кәріз жүргізілген орындарда орналастырған кезде жергілікті су бұру құрылғысы көзделеді. Сарқынды суларды, оның ішінде САҚ-тың сарқынды суын қабылдауды объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық бекітпесі бар қақпақтармен (сифондар) жарақталған жалпы немесе бөлек жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарға (шұңқырға, септикке) жүзеге асырады, оларды тазалау уақтылы жүргізіледі.

Сарқынды суды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа, сондай-ақ су сіңіргіш құдықтар құрылғысына ағызуға жол берілмейді.

37. Өндірістік, қойма үй-жайларындағы, тұрмыстық үй-жайлардағы су бұруға арналған кәріз бағандары сыланған қораптарға салынады.

38. Кәріз жүргізілмеген жерлерде САҚ құрылғысына (75 адамға 1) және су құйылатын қолжуғыштарды (30 адамға 1) орнатуға жол беріледі.

САҚ-тың жер үстіндегі үй-жайлары мен су өткізбейтін материалдан жасалған қазылған шұңқыры болады. САҚ-ты жинау дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып күн сайын жүргізіледі. САҚ-тың қазылған шұңқырын уақтылы тазалайды.

Жобаланатын, салынып жатқан және реконструкцияланатын білім беру объектілерінде кәрізденбеген және ішінара кәрізденген жерлерде санитариялық тораптар ғимаратта (мектеп, жатақхана, оқу корпусы) орналастырылады.

39. Объектілердің ғимараттары орталық жылыту жүйелерімен жабдықталады. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау көзі болмаған жағдайда сұйық, қатты және газ түріндегі отынмен жұмыс істейтін автономды қазандық көзделеді.

40. Селолық елді мекендердегі шағын жинақталған білім беру объектілерінің бір қабатты ғимараттарында пешпен жылыту құрылғысына жол беріледі. Пешті жағу жеке есігі бар оқшауланған үй-жайда жүргізіледі.

41. Жылыту кезеңінде ауаның температурасы нормалау құжаттарына сәйкес айқындалады.

42. Үй-жайларды табиғи және жасанды жарықтандыруды сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жобалау керек. Жасанды жарықтандыру үшін жарық диодты, люминесцентті және энергия үнемдеуші шамдарды пайдаланады. Ортақ жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделеді.

43. Объектінің аумағында, оның ішінде санитариялық-аулалық қондырғыларда сыртқы жасанды жарықтандыру болады.

44. Оқу үй-жайларындағы, ойын және жатын бөлмелеріндегі жарық түсетін ойықтарды реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықтайды.

45. Оқу-өндірістік шеберханаларда, спорт залдарында екі жақ бүйірден табиғи жарықтандыруға және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандыруға жол беріледі. Оқу үй-жайларында терезенің әйнектерін бояуға жол берілмейді.

Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалады.

46. Жасанды жарықтандыру кезінде бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылады. Жарықтандыру кезінде шағылысқан және шашыраңқы жарықты шамдарды пайдаланады, оларды плафондармен қамтамасыз етеді.

47. Білім беру объектілерін жасанды жарықтандыру көрсеткіштері нормалау құжаттарына сәйкес айқындалады.

48. Көру қабілеті бұзылған білім алушылар мен тәрбиеленушілерге арналған объектілердегі оқу үй-жайларын (сыныптарды, кабинеттерді, зертханаларды, шеберханаларды), сондай-ақ оқу залдарын жасанды жарықтандырудың құрамдастырылған жүйесімен жабдықтайды. Көру патологиясының түріне байланысты жалпы және жергілікті жарықтандырудың жиынтық жарықтандыру деңгейі мынаны құрайды:

1) жоғары дәрежелі күрделі алыстан көрмейтіндер және жоғары дәрежедегі жақыннан көрмейтіндерге – 1000 люкс (бұдан әрі – лк);

2) торлы қабық пен көру нервісі зақымдалғандарға (көздің қарығуы болмайтын) – 1000 – 1500 лк;

3) жарықтан қорқу ауруынан зардап шегетіндерге – 500 лк-тен артық емес;

4) жасанды жарықтандыру деңгейі жалпы жарықтандыру жүйесінен 400 лк-тен аспауы тиіс;

5) әр жұмыс орнын кемінде 400 лк жергілікті жарықтандыру шамдарымен жабдықтайды.

Шамдар үстелдің бетіне нығыз бекітілуі және олардың еңкею бұрышы мен жарық көзінің биіктігін өзгертуге мүмкіндік беретін иілімді кронштейні болады.

49. Істен шыққан шамдар ауыстырылады. Жарамсыз, құрамында сынап бар шамдар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін жеке үй-жайда сақталады. Пайдаланылған құрамында сынап бар шамдарды қоқыс жинағыштарға тастауға жол берілмейді. Пайдаланылған құрамында сынап бар шамдарды сақтау және кәдеге жаратуға жіберу объекті басшысының бұйрығымен жауапты адамға жүктеледі.

50. Объектілердің ғимараттары желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдықталады. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі көзделеді. Жылу және ылғал бөлу көздері болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары орнатылады.

51. Желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде нормалау құжаттарының талаптары сақталады.

52. Оқу үй-жайларын үзілістер кезінде, рекреациялық үй-жайларды сабақ уақытында желдетеді. Сабақ басталғанға дейін және олар аяқталғаннан кейін оқу

үй-жайларында өтпелі желдету жүзеге асырылады. Өтпелі немесе бұрыштан желдетуді білім алушылар мен тәрбиеленушілер болмаған кезде жүргізеді. Өтпелі желдетуді дәретхана үй-жайлары арқылы жүргізбейді.

53. Станоктарда және тетіктерде жұмыс істеу жылу мен шаңның көп мөлшерінің бөлінуімен байланысты болатын шеберханалар сору-сыртқа тарту желдеткішімен және жергілікті шаңұстағыштармен және сыртқа тарту құралдарымен жабдықтайды.

54. Объектілерде нормалау құжаттарына сәйкес үй-жайлардың онтайлы микроклиматтық жағдайлары (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) қамтамасыз етіледі.

55. Ауаның температурасын бақылау үшін білім беру ұйымдарының ойын, оқу және жатын үй-жайларында, балаларды тәрбиелеу және олардың тұратын орындарында, сондай-ақ медициналық пункт үй-жайларында термометрлер орнатылады.

#### **4-тарау. Объектілердің үй-жайларын жөндеуге және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

56. Жыл сайын объектіде ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

57. Объектілер жұмыс істеп тұрған кезде авариялық жағдайларды жою жұмыстарын қоспағанда, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының түрлерін жүргізуге жол берілмейді.

58. Үй-жайларды әрлеу үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар құрылыс материалдары пайдаланылады.

59. Вестибюльдерде, холлдарда, рекреацияларда, акті және мәжіліс залдарында, әкімшілік үй-жайларында конструкциясы әртүрлі аспалы төбелерді қолдануға жол беріледі.

60. Барлық үй жайлардың төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бүлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілерінсіз болуы тиіс.

61. Қалыпты режимде пайдаланылатын үй-жайлардағы қабырғалардың, еденнің, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс, күңгірт болады.

Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар, кір жуу, жуыну орындары) қабырғаларын кемінде 1,5 м биіктікте, себезгі бөлмелерінде кемінде 1,8 м биіктікте тақтаймен немесе жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін басқа да материалдармен қаптайды.

62. Терезе әйнектері, электр шамдардың плафондары және сыртқа тартып желдету жүйесінің жалюзді торлары таза ұсталады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жарықтандыру арматурасын тазалауға және терезелерді жууға тартуға жол берілмейді.

63. Желдету үшін ашылатын терезелерге, форточкаларға, фрамугаларға москит торлары орнатылады.

64. Объектілердің аумағы, ашық ауадағы дене шынықтыру және спорт алаңдары таза ұсталады, бөгде заттардан бос болуы тиіс.

65. Барлық үй-жайлар таза ұсталады. Ас блогын және дәретханаларды күн сайын дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жинайды. Дәретханаларда еден, есік тұтқалары, кранның құлақтары, раковиналар және унитаздар күн сайын дезинфекциялауға жатады.

Үй жайларды ылғалды жинауды ұйымның техникалық персоналы жүргізеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді санитариялық тораптарды жинауға тартуға жол берілмейді.

66. Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген жуу, дезинфекциялау құралдары пайдаланылады.

Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ерітіндінің дайындалған күнін көрсете отырып, таңбаланған сыйымдылықтарда дайындайды. Дезинфекциялау және жуу құралдары және олардың жұмысшы ерітінділері білім алушылар мен тәрбиешілердің қолы жетпейтін орындарда сақталады.

67. Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, щеткалар, шүберектер) таңбаланады және олар жекелеген үй-жайларға (санитариялық торап, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, тамақ ішетін залдар, рекреациялар, оқу кабинеттері, жатын бөлмелер, өндірістік шеберханалар) бекітіледі және арнайы бөлінген орындарда сақталады.

Барлық ұйымдардың санитариялық тораптары үшін жинау мүкәммалының белгілік таңбасы болады.

68. Объектілерде дератизациялау және дезинсекциялау бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Жәндіктердің, кенелердің және басқа да буынаяқтылар мен кеміргіштердің болуына жол берілмейді.

69. Тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақтағы үш жағынан қоршалған тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, су өткізбейтін төсемі бар алаңға орнатылады. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) тазаланады, жуылады және дезинфекцияланады.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналасқан объектілердің қоқысын жинау үшін тұрғын үйдің ортақ қоқыс жинағыштары немесе контейнерлері пайдаланылады.

## **5-тарау. Оқыту және өндірістік практика жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

70. Жалпы білім беру және арнайы білім беру ұйымдарының топтарын (сыныптарын) толықтыру осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қабылданады.

71. Жалпы білім беру ұйымдарында сабақтың ұзақтығы 40 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының " сатылы" режимін қолданады. Қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 40 минуттан жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

Бірінші сынып оқушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бір апталық демалыстар болуы тиіс.

72. Жалпы білім беру ұйымдарындағы апталық оқу жүктемесі осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген нормалардан аспауы тиіс.

Кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісіледі.

73. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді.

Сабақ кестесін жасаған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріледі және осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылады.

74. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалады. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланады.

Күн сайынғы оқу жиынының салмағы:

1-3-сыныптардың білім алушылары үшін – 1,5-2,0 килограмм (бұдан әрі – кг);

4-5-сыныптардың білім алушылары үшін – 2,0-2,5 кг;

6-7-сыныптардың білім алушылары үшін – 3,0-3,5 кг;

8-11(12)-сыныптардың білім алушылары үшін – 4,0-4,5 кг - нан аспауы тиіс.

Сабақ кестесі оқу портфельінің немесе аспалы сөмкенің (рюкзактың) салмағынсыз күн сайынғы оқу жиынының (оқулықтар, ОӘК және жазу құралдары) гигиеналық нормативтерін ескере отырып құрылады.

75. Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді.

Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

76. Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс.

77. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғарғы білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушыларының

оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен белгіленеді.

78. Жазғы демалыс кезінде жалпы білім беру ұйымдары жанында дене шынықтыру-сауықтыру, оқу-тәрбие қызметін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мәдени бос уақытын өткізуді жүзеге асыратын мектеп жанындағы лагерьлерді (аландарды) ұйымдастыруға жол беріледі. Мектеп жанындағы лагерьлер жұмыс істеген уақытта тамақтандыруды және күндізгі ұйқыны ұйымдастыруға жол беріледі. Тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде осы Санитариялық қағидалардың талаптары ескеріледі. Күндізгі ұйқыны ұйымдастыру кезінде жатын үй-жайы бөлінеді, жеке кереуеттер (жазылатын кереуеттер) орнатылады, жеке төсек-орын жабдықтары (жайма, жастықтың тысы, көрпенің тысы) және кемінде екі орамал (аяққа және қолға арналған) көзделеді.

79. Өндірістік практика оқу-тәрбие процесінің кестесіне сәйкес жүргізіледі. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің технологиялық жабдықты жөндеуіне жол берілмейді.

80. Ойын және спорт алаңдарының жабдықтарын қоса алғанда, жиһаз бен жабдық білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойына және жасына сәйкес келеді. Спорт, ойын жабдығы жарамды күйде ұсталады.

81. Оқу жиһазын іріктеп алуды білім алушылардың бойына сәйкес жүргізеді. Оқу жиһазының өлшемдері осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген.

82. Объектілерде оқу кабинеттері, зертханалар жұмыс үстелдерімен, арқалығы бар орындықтармен жабдыкталады.

Мынадай білім алушылар мен тәрбиеленушілер:

есту, көру қабілеті бұзылған білім алушылар мен тәрбиеленушілер тақтаға жақын, алдыңғы қатардағы үстелдерге;

жиі суық тиіп ауыратын білім алушылар мен тәрбиеленушілер сыртқы қабырғадан алыс отырғызылады.

83. Оқу үй-жайларындағы жиһаз сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіле отырып, орнатылады. Негізгі жарық ағынының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің алдынан және арт жағынан түсуіне жол берілмейді.

84. Физикалық және химиялық реагенттерді пайдалана отырып, зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін физика мен химия кабинетіндегі демонстрациялық және оқу зертханалық үстелдерге электр энергиясын жүргізу, химия кабинетінде (орталықтандырылған сумен жабдықтау болғанда) су және кәріз жүргізу көзделеді.

Химия кабинетінде сыртқа тарту шкафы жабдыкталады.

85. Тәжірибелер жүргізу үшін пайдаланылатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілер таңбаланады, жауапты адамның бақылауымен арнайы бөлінген сейфте сақталады.

86. Оқу шеберханаларында мамандандырылған верстактарда және үстелдерде жұмыс істеу кезінде өздерінің мақсатына сәйкес арқалығы жоқ көтеріліп-бұрылатын отырғыштар қолданылады.

87. Шеберханалар шуы аз жабдықпен жарақталады, шу мен діріл деңгейлері нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді.

88. Спорт залдарының жанындағы киім шешетін орындар киімге арналған шкафтармен немесе ілгіштермен және орындықтармен жабдықталады.

89. Спорттық төсеніштер мен снарядтардың жабыны (қаптамасы) ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретіндей бүтін болады.

90. Секіруге арналған шұңқырларды үгінділер қосылған таза құммен (тас, бұтақтар, жапырақтары жоқ) толтырады, секіру алдында іші қопсытылады және тегістеледі. Шұңқырлардың ағаш ернеулері жердің бетімен бір деңгейде болуы тиіс, олар резинкамен немесе резеңкемен қапталады.

Жүгіру жолдарының бетінің қатты, жақсы құрғатылатын жабыны болуы, нығыз, шанданбайтын, атмосфералық жауын-шашынға төзімді жоғарғы қабаты болуы тиіс.

91. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда су құятын қолжуғыштарды орнатуға жол беріледі.

92. Объектілердің санитариялық тораптарында унитаздар, қол жуатын раковиналар, қолды жууға және кептіруге арналған құралдар, қоқыс жинауға арналған қоқыссалғыштар орнатылады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге арналған унитаздар жабық кабиналарда орналастырылады, білім беру объектілерінің мектеп алды сыныптары үшін балаларға арналған унитаздар орнатылады.

Объектілердің оқу және тұрғын корпустарындағы санитариялық аспаптарға қажеттілік осы Санитариялық қағидаларларға б-қосымшаға сәйкес көзделеді.

Жүріп-тұруы шектеулі топтар үшін санитариялық құралдардың орнатылуы және оларға қажеттілік сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес нормаланады.

93. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін сатып алынған өнімдердің (ойыншықтар, аяқ киім, киім, ыдыс, жеке гигиена құралдары, мектеп және жазу құралдары, төсек-орын жабдықтары, парфюмерлік-косметикалық өнім, жиһаз) оның сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы тиіс.

## **6-тарау. Объектілерде тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

94. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тұруына арналған объектіні бөлек тұрған ғимараттарға, ішіне-жапсарлас салынған ғимараттарға, сондай-ақ оқу корпустарымен көрші ғимараттарға орналастыруға жол беріледі.



Жатын үй-жайлардағы ауданы 1 орынға кемінде 4 м<sup>2</sup>, полиемиелит және енжар параличтен зардап шеккен балаларға арналған мектеп-интернаттарда 4,5 м<sup>2</sup> көзделеді.

ТжКБ, ОБКБ және ЖОО білім алушыларына арналған жатақханаларда 1 адамға кемінде 6 м<sup>2</sup> аудан көзделеді.

95. Үй-жайлар олардың функционалдық мақсаттарына сәйкес жиһазбен жабдыкталады.

Төсек-орын жабдықтары, жаңа және ескі киімдер мен аяқ киімдер, қатты мүкәммал қорларын сақтау үшін қойма үй-жайлары көзделеді.

96. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тәулік бойы болатын объектілерде шомылдыру төсек-орын жабдықтарын, іш киім мен орамалдарды бір уақытта ауыстыра отырып, кесте бойынша жеті күнде бір реттен сиретпей жүзеге асырылады.

97. Төсек-орын жабдықтарын, орамалдарды ауыстыру ластануына қарай, бірақ аптасына бір реттен сиретпей жүргізіледі. Лас киім-кешек кір жуатын орынға қаптармен (клеенкалы және мата) жеткізіледі. Матадан тігілген қаптар жууға тапсырылады, клеенкалы қаптар қолдануға рұқсат етілген жуу құралдарымен өңделеді. Таза киім-кешек жуылған қаптарда жеткізіледі. Төсек-орын жабдықтары жылына кемінде бір рет камералы дезинфекциялауға жатады.

98. Бір жатын орынға кемінде үш төсек-орын жабдығының болуы көзделеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тұратын орны ұйымдастырылған объектілерде төсек-орын керек-жарақтары мен төсек-орын жабдықтары таңбаланады, жеке гигиенаға арналған заттар (тіс щеткалары, тарақтар, жөкелер) әр балаға жеке бөлінеді. Жеке тіс щеткалары, жөкелер жуынатын бөлмелердегі ашық ұяшықтарда сақталады.

99. Кір жуу объектінің кір жуатын орнында жүзеге асырылады, таза және лас киім-кешектің қарама-қарсы ағыны болмайды. Кір жуатын орын болмаған жағдайда кір жуу басқа кір жуатын орындарда бір орталықтан жүргізіледі.

Инфекциялық аурумен ауырған адамның киім-кешегі жуу алдында таңбаланған ванналарда дезинфекциялауға жатады.

100. ТжКО, ОБКБ және ЖОО білім алушыларына арналған студенттік жатақханаларда 4-6 адамға 1 себезгі, 1 қол жуатын раквина және 1 унитаз орнатылады. Әйелдердің жеке гигиенасы кабинасы 50 адамға шаққанда 1 кабина есебінен көзделеді және унитазбен, бидемен, себезгімен және қол жуатын раквинамен жабдыкталады.

## **7-тарау. Объектілердегі тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

101. Объектілердің ас блогтарына осы Санитариялық қағидалардың талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын нормалау құжаттарының талаптары қолданылады.

102. Тамақ ішу арасындағы интервал 3,5 – 4 сағаттан аспауы тиіс.

103. Тәрбиелеу және білім беру объектілерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру нормалары ("брутто" массасында) "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен регламенттелген.

104. Объектіде перспективалық маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасалады. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің болу ұзақтығы, жас санаты ескеріледі, витаминдік-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді.

105. Жалпы білім беретін ұйымдардың бірінші ауысымының білім алушылары үшін бір-екі рет тамақтану – екінші таңғы ас немесе екінші таңғы ас пен түскі ас, екінші ауысымның білім алушылары үшін – бесін ас, ұзартылған күн топтары үшін – екінші таңғы ас, түскі ас және бесін ас көзделеді. Балалар тәулік бойы болатын кезде кемінде бес рет тамақтану көзделеді.

106. Жасқа байланысты граммен тағам порцияларының ұсынылатын массасы осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген.

107. Осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерін ауыстыруға жол беріледі.

108. Мәзірде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде және келесі екі-үш күнтізбелік күнде қайталауға жол берілмейді.

109. Күн сайын тамақтану рационына ет, сүт, сары май және өсімдік майы, қара бидай және (немесе) бидай наны, көкөністер және қант енгізіледі. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құс еті екі-жеті күнтізбелік күнде бір рет енгізіледі.

110. Таңғы ас тағамнан (бірінші немесе екінші) және сусыннан (компот, кисель, шай және шырындар) тұрады. Жұмыртқаны, шырындарды, жемістерді, сары маймен немесе ірімшікпен бутербродтарды таңғы асқа енгізуге немесе жеке қабылдауға жол беріледі.

Түскі асқа салат, бірінші, екінші тағам (негізгі тағам еттен, балықтан немесе гарнирі бар құс еті) және үшінші (компот, кисель, шай және шырындар) кіреді. Пісірілген және жас көкөністерден оңай жасалатын салаттар дайындалады.

Бесін аста мәзірге тоқашпен және кремі жоқ кондитерлік өнімдермен бірге сусын (сүт, қышқыл сүт өнімдері, кисель, шырындар) енгізіледі.

Кешкі ас көкөніс (сүзбе) тағамынан немесе ботқадан, негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе гарнирі бар құс еті), сусыннан (шай, шырын, кисель) тұрады.

Қосымша екінші кешкі ас ретінде жемістер немесе қышқыл сүт өнімдері және тоқаш немесе кремі жоқ кондитерлік өнімдер енгізіледі.

111. Күн сайын тамақ ішетін залда объектінің басшысы бекіткен мәзір ілінеді, онда тағамдардың атауы, әр дайын тағамның шығымы көрсетіледі. Мәзірде көрсетілген

тағамдар мен аспаздық өнімдердің атаулары пайдаланылған рецептуралар жинақтарында көрсетілген атауларға сәйкес келуі тиіс.

112. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 1-нысанына сәйкес деректер тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналына енгізіле отырып, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар бар болған жағдайда жүзеге асырылады.

Тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар қоғамдық тамақтану ұйымында сақталады.

113. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыруда көрсетілген тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын зертханалық-аспаптық зерттеулер нәтижелері болған кезде, ауыл шаруашылығы мақсатындағы ұйымдарда, білім беру ұйымдарының оқу-тәжірибелік және бақша учаскелерінде, жылыжайларында өсірілген өсімдіктен алынған азық-түлік шикізатын пайдалануға жол беріледі.

114. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ас блогының өндірістік үй-жайларында болуына және оларды тағам дайындаумен, көкөністерді тазалаумен, дайын тағамды таратумен, нан тураумен, ыдыс жуумен, өндірістік үй-жайларды жинаумен байланысты жұмыстарға тартуға жол берілмейді.

115. Сусындарды құю тікелей тұтынушының ыдысына (стақандарға, бокалдарға) жүзеге асырылады, тарату алдында ортақ ыдысқа құюға жол берілмейді.

116. "С" витаминімен витаминдеуді балалар тәулік бойы болатын ұйымдарда осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 2-нысанына сәйкес деректерді "С-витаминдеу" журналына енгізе отырып, "С" витаминінің тәуліктік нормасы есебінен мектеп жасындағы балалар үшін – 70 мг мөлшерінде жүргізеді.

117. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдері және оларды сақтау шарттары өндіруші (дайындаушы) белгілеген жарамдылық мерзімдеріне сәйкес келеді.

118. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау температурасы төмен тоңазыту жабдықтарында және (немесе) тоңазыту камераларында және (немесе) тоңазытқыштарда жүзеге асырылады. Температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді.

119. Тәрбиелеу және білім беру объектілерінің қоғамдық тамақтану ұйымдарында мыналарды:

- 1) қатық, сүзбе, айранды;
- туралған ет қосылған құймақтарды;
- флотша макаронды;
- зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді;
- кремі бар кондитерлік өнімдерді;

тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье);

- морстар, квастарды;

фритюрде қуырылған өнімдерді;  
шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;  
күрделі (4 компоненттен артық) салаттарды; қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;  
окрошканы;  
саңырауқұлақтарды;  
өнеркәсіпте дайындалмаған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;  
тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды;

газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда);

фаст-фудтар: гамбургерлер, ход-догтар, чипсілер, кептірілген нан, қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) мыналарды:

пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты; суда жүзетін құстың жұмыртқасы мен етін;

ауыл шаруашылығы малының сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз шаруашылықтардың сүтін және сүт өнімдерін;

тіл, жүректі қоспағанда өнімді мал мен құстың субөнімдерін;

механикалық түрде сылынып алынған өнімді малдың етін және құс етін;

құс етінен алынған құрамында коллаген бар шикізатты;

сойылған өнімді мал мен құстың қайта мұздатылған өнімдерін;

генетикалық түрлендірілген шикізаттар және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шикізаттарды;

йодталмаған тұзды және құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

120. ЖОО-ны қоспағанда білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін өткізетін автоматтарды орнатуға жол берілмейді.

121. Жаппай сауықтыру емшарасы ретінде оттегі коктейльдерін өткізуге жол берілмейді.

122. Күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты адам осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 3-нысанына сәйкес тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды бракераж комиссиясы жүргізеді, оның құрамы міндетті түрде құрамына медицина, әкімшілік қызметкері, өндіріс меңгерушісі

және ата-аналар комитетінің өкілі енгізіле отырып, объекті басшысының бұйрығымен айқындалады.

123. Күн сайын ас блогында аспазшы нақты ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдырады. Сынамаларды қақпағы бар таза (қайнатылып өңделген) шыны ыдысқа (гарнирді бөлек ыдысқа салады) алады және +2°C-тан +6°C-қа дейінгі температурада тоңазытқышта арнайы бөлінген орында сақтайды. Тәуліктік сынаманы келесі күні немесе демалыстан кейінгі күні (демалыс күндерінің санына қарамастан) дайындалған тағаммен – таңғы аспен, түскі аспен, бесін немесе кешкі аспен ауыстырғанға дейін кемінде жиырма төрт сағат сақтайды.

## **8-тарау. Өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын талаптар**

124. Объектіде нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес өндірістік бақылау ұйымдастырылады және жүргізіледі.

125. Объектіде персоналдың еңбек жағдайын және жеке гигиена қағидаларын сақтауына жағдай жасалады.

126. Ас блогының жұмыскерлері, техникалық персонал арнайы киіммен (халат немесе шалбары бар күрте, бас киім, аяқ киім) қамтамасыз етіледі.

Объектілердің жұмыскерлері жеке және өндірістік гигиенаны сақтайды: қолдың тазалығын бақылайды, таза арнайы киім мен аяқ киім киеді, объектіден шығу және дәретханаға бару алдында арнайы киімін шешеді, жұмыс басталу алдында және дәретханаға барғаннан кейін, сондай-ақ жұмыстағы әрбір үзілістен соң және лас заттармен жанасқанда қолдарын сабынмен жуады.

127. Білім беру объектілерінің асхана жұмыскерлері жұмыс басталу алдында шаштарын орамалдың немесе қалпақтың астына жинайды, зергерлік бұйымдарды, сағаттарды және басқа да сынатын заттарды шешеді, тырнақтарын қысқа етіп қиады және оларды лакпен боямайды.

Жұмыскерлердің өндірістік үй-жайларға арнайы киімсіз кіруіне және оның үстінен өзге киімді киюіне жол берілмейді.

Арнайы киім жеке заттарынан бөлек сақталады.

128. Шикізат пен дайын өнімге бөгде заттардың түсуін болдырмау үшін өндірістік үй-жайларда ұсақ шыны және металл заттарды (технологиялық мүкәммалдан басқа) әкелуге және сақтауға, арнайы киімді түйреуішпен, инемен түйреуге және халаттың қалталарында жеке заттарды сақтауға жол берілмейді.

129. Қол жуу үшін ыстық және салқын су өткізілген қол жуатын раковиналар, қол жууға және құрғатуға арналған құралдар орнатылады.

130. Тамақ ішу қатаң түрде бөлінген жерлерде рұқсат етіледі.

## **9-тарау. Объектілердегі медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

131. Білім беру объектілерінде медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі.

Медицина қызметкері болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетуді медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымы жүзеге асырады.

132. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына, КТБО-ға жаңа келіп түскен білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін изолятор бокстар көзделеді.

133. Білім беру объектілерінде медициналық пункттегі үй-жайлардың ең аз жиыны медицина қызметкерінің кабинетін және емшара кабинетін қамтиды.

Тұратын орындар ұйымдастырылатын объектілерде, жатақханаларда бірінші қабатта изоляторы бар медициналық пункт көзделеді.

134. Изолятор палаталары өтпелі болмауы тиіс, олардың арасында биіктігі 1,2 м әйнектелген қалқа құрылғысы бар медициналық кабинетпен көрші орналасуы тиіс.

135. Білім алушылар аз уақыт болатын білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мектептен тыс ұйымдарда медициналық кабинет көзделмейді.

136. Емшара кабинетінде профилактикалық егулер жүргізуге жол беріледі. Медициналық емшаралар мен профилактикалық егулерді бір мезгілде жүргізуге жол берілмейді.

137. Селолық елді мекендерде орналасқан ұйымдарда медициналық пункттің қажетті үй-жайлар жиыны болмаған кезде медициналық пункттер үшін ауданы кемінде 12 м<sup>2</sup> болатын бөлме жабдықталады.

138. Медициналық пунктті жаратқандыруға арналған медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың ең аз тізбесі осы Санитариялық қағидаларға 10-қосымшада белгіленген.

139. Эпидемиологиялық қауіптілік дәрежесі бойынша ықтимал қауіпті қалдықтарға жататын медициналық қалдықтар түзілген кезде оларды емдеу-профилактикалық объектілері қалдықтарының барлық түрлерін жинау, сақтау, өңдеу, залалсыздандыру және жою қағидаларына сәйкес залалсыздандырады және жояды.

140. Аурудың созылмалы түрлерімен, тәуекел факторларымен диспансерлік есепте тұрған, сондай-ақ жекелеген жіті аурулармен ауырған білім алушылар мен тәрбиеленушілер құрылған жоспарға сәйкес диспансерлік бақылауға және сауықтырылуға жатады.

141. Емдеу-профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын медицина персоналы жүргізеді. Объектілерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, сырқаттанушылықтың алдын алуға және оны төмендетуге бағытталған сауықтыру іс-шараларының кешенді жоспары жасалады.

142. Білім беру ұйымдарына түсетін білім алушылар мен тәрбиеленушілер медициналық тексеріп-қараудан өтеді.

143. Білім беру объектілерінің қызметкерлері мен ас блогының персоналында жұмысқа жіберілгені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары болады.

144. Ірінді тері аурулары, іріндеген тіліктер, күйіктер, жаралары бар адамдар, инфекциялық аурулармен ауыратын науқастар немесе олардың қоздырғыштарын тасымалдаушылар, сондай-ақ науқастармен және тасымалдаушылармен байланыста болған адамдар тиісті медициналық зерттеп-қарау жүргізілгенге дейін және дәрігердің қорытындысына дейін жұмысқа жіберілмейді.

145. Медицина қызметкері мектептен тыс ұйымдардан басқа объектілерде медициналық кабинетті, құжаттаманы және жататын контингентті профилактикалық медициналық тексеріп-қарау жүргізуге дайындауды, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, персоналды вакцинациялауды жүргізеді.

146. Объектілердің медицина қызметкерлері мен әкімшілігі:

1) объектілердегі қызметкерлердің профилактикалық медициналық тексеріп-қараудан уақтылы өтуін есепке алуды және осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 4-нысанына сәйкес деректерді ас блогы жұмыскерлерін тексеріп-қарау нәтижелері журналына тіркеу арқылы ас блогы жұмыскерлерінің денсаулығына күн сайын бақылау жүргізеді;

2) жыл сайын және сұрау салу бойынша сырқаттанушылық, профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды өткізу, денсаулық жағдайы бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бөлу (денсаулық топтары), дене бітімінің дамуы, диспансерлік бақылау және жүргізілген сауықтыру топтары бойынша ақпаратты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне ұсынады;

3) он күн сайын осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 5-нысанына сәйкес оны кейіннен түзете отырып және тамақ өнімдері нормаларының орындалуын бақылау тізімдемесін жүргізе отырып, күнтізбелік 10 күнге негізгі өнімдер бойынша тәуліктік нормалардың орындалуына талдау жүргізеді.

147. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер немесе персонал арасында инфекциялық аурулар тіркелген жағдайда, сондай-ақ профилактикалық мақсатта білім беру ұйымының басшылығы, оның персоналы және медицина қызметкерлері санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізеді.

148. Білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету Кодекстің 7-бабы 82) тармақшасына сәйкес бекітілетін Медициналық қызмет көрсету қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

149. Медициналық кабинеттерде өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарымен жабдықтар мен мүкәммалға санитариялық-дезинфекциялық өңдеу жүргізіледі.

150. Білім беру объектілерінде осы Санитариялық қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес медициналық құжаттама жүргізіледі.

## **10-тарау. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

151. Білім алушылар білім беру ұйымдарының ғимаратына кірген және шыққан кезде:

1) барлық қызметкерлер мен білім алушылардың медицина қызметкерлері күнделікті таңертеңгі сүзгіні (жанаспайтын термометрия, ғимаратқа кіреберісте қолды антисептикпен өңдеу, аяқ киімнің табанын өңдеу, аяқ киімді ауыстыру) жүргізеді;

2) мектепте жүріп-тұру, оның ішінде баспалдақпен көтерілу "бір жақты қозғалыс" қағидасы бойынша арнайы көрсеткіштермен таңбаланады;

3) кезекте қашықтықты қамтамасыз ету үшін кірер алдында асфальтқа таңба қойылады;

4) жалпы білім беру объектісінің үй-жайларында да, ғимаратында да да қашықтықты сақтау үшін сигналдық белгілер қойылады;

5) білім беру объектілеріне, білім беру объектісінің аумағында, дәліздерде, үй-жайда оқушылардың қозғалысы кезінде кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтау;

6) оқушылардың, персоналдың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер әр қабатта, әр сыныпта (аудиторияда, кабинетте), санитариялық тораптарда және лас маскаларға арналған таңбаланған сыйымдылықтарда орнатылады;

7) оқушылар мен қызметкерлерге арналған санитариялық тораптарда дозаторларда сабынның, дозаторларда қолға арналған дезинфекциялық құралдардың болуы, қол жуу қағидалары бар плакаттардың болуы қамтамасыз етіледі.

152. Сабақ режимін және жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде мынадай іс-шараларды жүргізу талап етіледі:

1) сабақтар арасындағы үзіліс уақыты әр түрлі уақытта әр түрлі сыныптар (топтар) үшін белгіленеді;

2) кабинеттік жүйені болдырмау;

3) 1 оқу күніне үстелде оқу құралдары бар (дербес оқулықтар, кеңсе) ресурстық лотокпен бір-бірінен кемінде 1,5 метр қашықтықта 1 нақты білім алушыға 1 партаны (үстелді) бекіту;

4) үй-жайларды толтырудың жобалық қуатын сақтау (асырмау);



5) таза ауада дене шынықтыру сабақтарын жылы уақытта (атмосфералық ауа температурасы  $-18^{\circ}\text{C}$  аспайтын кезде) ұйымдастыру немесе спорт залдарын үнемі желдету.

153. Білім беру ұйымдарында эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі:

1) әр қабаттағы санитариялық бекеттердің жұмысын ұйымдастырылады, мектепке келген кезде (сабақ басталғанға дейін), үзілістерде, көшеде серуендегеннен кейін, санитариялық торапта болғаннан кейін және басқа да ластану жағдайларында оқушылардың қолдарын уақтылы жууын (сұйық сабынды пайдаланып қолды жуу) сыныптарда (топтарда) бақылау жүзеге асырылады;

2) қажетті медициналық жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен (термометрлермен, шпательдермен, маскалармен) қамтамасыз ете отырып, медициналық кабинеттер мен изоляторлардың жұмыс істейді (күн сайын температураны өлшеу, ауру белгілерін анықтау, ауырған адамдар анықталған жағдайда оқшаулау үшін);

3) қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена қағидаларын сақтау және олардың мүлтіксіз орындалуын бақылау қажеттілігі туралы апта сайын нұсқама жүргізіледі;

4) түшкіру және жөтелу кезінде пайдаланылған маскаларды, қолғаптарды, сулықтарды кәдеге жарату үшін арнайы орындар ұйымдастырылады;

5) санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты адамды тағайындау (температураны жанаспайтын термометрмен өлшеу, персоналға нұсқаулық беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама, термометрия жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау);

6) коронавирустық инфекциямен ауыратын науқаспен байланыста болған, ауырып сауыққан білім алушылардың білім беру ұйымына баруына дәрігердің білім беру ұйымында болу үшін медициналық қарсы айғақтардың жоқ екендігі туралы медициналық қорытындысы болған кезде жол беріледі;

7) сырқаттанушылықты тіркеу кезінде сыныпқа, топқа карантин белгіленеді.

154. Білім беру ұйымдарында инфекциялық аурулардың (респираторлық, ішек, дене қызуының көтерілуі) белгілері бар білім алушылар мен қызметкерлер жіберілмейді.

Инфекциялық аурулар белгілері бар білім алушылар мен қызметкерлер көрсетілген белгілер анықталған сәттен бастап жедел (кезек күттірмейтін) медициналық көмек бригадасы келгенге дейін не ата-аналары (заңды өкілдері) келгенге дейін дереу оқшауланады немесе үй жағдайында өздігінен оқшаулау жүзеге асырылады.

155. Білім беру ұйымы инфекциялық аурулардың белгілері бар білім алушылар мен қызметкерлерді кез келген қолжетімді тәсілмен анықтаған кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерін осы Санитариялық қағидалардың 154-тармағында көрсетілген

адамдар анықталған сәттен бастап инфекциялық аурулардың (респираторлық, ішек, жоғары дене температурасы) белгілері бар адамдар туралы хабардар етеді.

156. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды (заңды өкілдерді) және басқа да келушілерді, оның ішінде жүкті әйелдерді және білім беру ұйымдарына барғанға дейін 14 күн бұрын шетелден келген білім алушыларды (карантин) 65 жастан асқан адамдарды жіберу шектеледі. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) балаларды жалпы білім беретін мектептерге алып жүруі мектепке кіргенге дейін жүзеге асырылады.

157. Білім беру ұйымында білім алушылар мен қызметкерлерге көліктік қызмет көрсету жүргізілетін өз көлігі болған кезде жүргізушілер қолдарын өңдеуге арналған антисептикпен және оларды міндетті түрде қажетті жиілікпен ауыстыра отырып, қорғаныш құралдарымен (маскамен), сондай-ақ әрбір рейс алдында автокөлік салонына дезинфекция жүргізу, кейіннен желдету арқылы жабдыкталады.

158. Білім беру ұйымының әкімшілігі үй-жайларды жинауға, қызметкерлердің қолдарын өңдеуге, тыныс алу ағзаларының ЖҚҚ-на арналған дезинфекциялау және жуу құралдарының азаймайтын (кемінде бір ай) қорын қамтамасыз етеді, дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы айғақтары жоқ кәмелетке толған адамдарға рұқсат етіледі.

Дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы айғақтары жоқ кәмелетке толған адамдар жіберіледі.

159. Дезинфекциялау құралдары вирустық инфекциялар кезінде дезинфекциялау режимі көрсетілген, оларға қоса берілетін нұсқаулықты қатаң сақтаған кезде қолданылады.

160. Дезинфекциялау құралдары өнім берушінің ыдысында (қаптамасында) заттың атауы, оның мақсаты, заттаңбадағы жарамдылық мерзімі көрсетіле отырып сақталады. Ыдыстың заттаңбасы дезинфекциялау құралын сақтаудың (пайдаланудың) барлық кезеңінде сақталады, бөгде адамдарға берілмейді және қараусыз қалдырылмайды.

161. Оқу, жаттығу, өзге де ұйымдастыру процестері мен жұмыс режимінің кестесіне сәйкес ауаны зарарсыздандыру жөніндегі жабдықты пайдалана отырып, ауаны тұрақты зарарсыздандыру және үй-жайларды желдету жүргізіледі.

162. Вирулицидтік әсер ететін дезинфекциялық құралдары бар сыныптарды күніне кемінде 2 рет ылғалды жинау, есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, баспалдақ марштарын, байланыс беттерін (жабдықтарды, мүкәммалды, үстелдерді, орындықтарды), жалпы пайдалану орындарын (спорт, акт залдары, киім ілетін орындар, асхана, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялау, сондай-ақ профилактикалық тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысы қамтамасыз етіледі.

Үй-жайларды күрделі жинау аптасына кемінде 1 рет жүргізіледі.

163. Жинау мүкәммалы (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланылғаннан кейін арнайы бөлінген орындарда өңделуге және сақталуға жатады.

164. Білім беру ұйымдарында ауыз су режимін сақтау қамтамасыз етіледі.

Ауыз су, оның ішінде ыдыстарға құйылған (графиндер, шәйнектер, бөшкелер және т.б.) немесе қауіпсіздік сапасының көрсеткіштері бойынша бөтелкеге құйылған су нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді.

Жеке бөтелкедегі ыдысты пайдалануға рұқсат етіледі. Ішу үшін таза ыдысты (шыны, фаянс, бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланады. Қайнатылған ауыз суды үш сағаттан аспайтын уақыт сақтаған жағдайда пайдалануға жол беріледі.

Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін объект басшысының бұйрығымен жауапты адам тағайындалады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің объектіде болған барлық уақыт ішінде ауыз суға еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

165. Бастауыш, орта және негізгі орта деңгейдегі білім беру ұйымдарында асханада тамақтану қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша ұйымдастырылады.

166. Асханада оқушыларды отырғызу олардың арасындағы кемінде 2 метр элеуметтік қашықтықты сақтай отырып қамтамасыз етіледі.

167. Бірнеше рет қолданылатын ыдыстарды пайдалану кезінде – оны өңдеуді арнайы жуу машиналарында, оны пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, 650с төмен емес температурада 90 минут бойы ыдыс-аяқ пен асхана аспаптарын дезинфекциялауды қамтамасыз ететін өңдеу режимдерін қолдана отырып немесе оларды қолдану жөніндегі талаптарға сәйкес дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, сол температурада қолмен жүргізеді.

168. Ыдыс-аяқты қолмен жуу үшін асхана ыдыстарына арналған үш секциялы ванналар, шыны ыдыстар мен асхана құралдарына арналған екі секциялы ванналар көзделуі қажет.

169. Асхана ыдыстарын қолмен жуу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) тамақ қалдықтарын механикалық жою;
- 2) ваннаның бірінші секциясында жуу құралдарын қоса отырып, суда жуу;
- 3) ваннаның екінші секциясында температурасы 40°C-тан төмен емес суда жуу және ваннаның бірінші секциясына қарағанда екі есе аз мөлшерде жуғыш заттарды қосу;
- 4) ваннаның үшінші секциясында тұтқалары бар металл торда ыдысты температурасы 65°C төмен емес ыстық ағынды сумен себезгі саптамасы бар икемді шланг көмегімен шаю;
- 5) барлық асхана ыдыстары мен аспаптарын оларды қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес дезинфекциялау құралдарымен өңдеу;

б) ваннаның үшінші секциясында тұтқалары бар металл торда ыдысты себезгі саптамасы бар икемді шланг көмегімен ағынды сумен шаю;

7) ыдысты торлы сөрелерде, стеллаждарда кептіру.

170. Ыдыс жуғыш машина істен шыққан кезде ыдыстарды қолмен жууға жағдай жасау, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, щеткамен, шүберекпен қамтамасыз ету және ыдыс жуу сапасын бақылау қажет.

171. Асхана қызметкерлері (тамақ өнімдерімен тікелей байланыста болатын қызметкерлер) өз қызметтерін ауысымда кемінде екі рет ауыстыруға жататын бір рет қолданылатын қолғаппен және бүтіндігі бұзылған жағдайда және медициналық немесе мата масқаларын киіп (масқаларды 3 сағатта кемінде 1 рет ауыстыру) көрсетеді.

172. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) үй-жайларды дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтақшаларын), тамақтану залына (асханаға) кіре берісте қол жууға арналған Раковиналарды дезинфекциялау сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сұрту жолымен желдету және ылғалды жинау жүргізіледі.

173. Вирустар мен микроорганизмдерді жою үшін экспозиция уақыты және препаратқа арналған нұсқаулыққа сәйкес дезинфекциялау құралының жұмыс ерітіндісінің концентрациясы сақталады.

174. Өңдеуден кейін беті сумен жуылады және қағаз сүлгілердің немесе бір рет қолданылатын сулықтарың (шүберектердің) көмегімен кептіріледі.

175. Дезинфекциялау құралын пайдалану регламенті жекелеген дезинфекциялау құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықпен айқындалған, онда дезинфекциялау құралын экспозициядан кейін жуу қажеттілігі немесе қажеттілігінің болмауы түсіндіріледі.

176. Бір уақытта қолданылатын асхана ыдыстары мен аспаптарының саны ұйымның қажеттіліктерін қамтамасыз етуі керек. Жарықтары, сынықтары, шеттері сынған, пішіні өзгерген, эмалі зақымдалған ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді.

177. Білім беру ұйымдарында сабақтардың аралас және штаттық режимін ұйымдастыру кезінде мынадай көрсеткіштері бар қауіп тобына жататын педагогтердің жұмысын шектеу:

1) жасы 65 жастан асқан педагогтың;

2) қан айналымы жүйесінің ілеспе аурулары бар (артериялық гипертония, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі);

3) жоғарғы тыныс алу жүйесінің қатар жүретін созылмалы аурулары (өкпенің созылмалы обструктивті бронхиті, бронх демікпесі, өкпедегі фиброзды өзгерістер);

4) эндокринопатиялар (қант диабеті метаболикалық синдром, семіздік және басқалар);

5) иммундық тапшылығы жай-күйі (онкологиялық, гематологиялық, иммуносупрессивті терапиядағы науқастар және басқалар);

6) жүкті әйелдер;

7) басқа да ауыр созылмалы аурулар.

Аталған аурулары бар педагогтар қашықтан оқытуға ауыстырылады.

178. Білім беру ұйымдарының жатақханаларында демалыс және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізу тоқтатылады, үй-жайларды санитариялық өңдеуге және белгіленген өткізу режимінің қамтамасыз етілуіне бақылау күшейтіледі.

179. Жатақханадан шығуға оқу сабақтарына қатысу үшін және басқа ерекше жағдайларда рұқсат етіледі. Тұратын адамдардың ғимаратқа кіруіне және одан шығуына, жатақханаларға бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді.

180. Жатақхананың әрбір қабаты жанаспайтын шашыратқыш диспенсерлермен немесе оларды құюға арналған дезинфекциялық ерітіндісі бар санитайзерлермен жабдықталады.

181. Жатақханаларда қашықтықтан оқыту үшін жағдай жасалады (тұрмыстық жағдайлармен, компьютермен, интернетпен қамтамасыз ету).

182. Қашықтан оқыту форматында оқу кезінде жатақханаларда тұратын адамдар азық-түлік дүкендері мен дәріханаларда сатып алу үшін шығуды қоспағанда, тұрақты тұратын орындарына немесе өзге де орындарға шықпайды.

183. Білім алушылар қашықтан оқыту режимінде жатақханадан уақытша шыққан кезде жатақханадан шығу уақытын, қайтып келу уақытын және ол жіберілетін орынды көрсете отырып, білім беру ұйымын жазбаша, оның ішінде электрондық байланыс арқылы хабардар етеді.

184. Білім беру ұйымы кәмелетке толмаған білім алушының жатақханадан шығуы туралы ата-аналарға (заңды өкілдеріне) хабарлайды.

185. Білім беру ұйымдары жатақханадан шыққаннан кейін қайтып келген білім алушының денсаулық жағдайына қайтып келген күннен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде мониторинг жүргізеді.

186. Жатақханаларда мынадай эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі:

1) білім алушылардың бірге тамақтануын болдырмау;

2) дәретханаларда, қолжуғыштарда, себезгі және тұрмыстық бөлмелерде дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үнемі ылғалды жинауды жүргізу;

3) жалпы пайдалану орындарын қол жууға арналған құралдармен және антисептиктермен қамтамасыз ету;

4) жинау жиілігі мен сапасын арттыру (тұтқаларды, басқа беттерді қосымша өңдеу);

5) білім алушылардың жатақханадан шығуы мен кіруін журналға тіркеу;

6) жатақханада тұруға қалған білім алушылардың дене қызуының көтерілуінің барлық жағдайларын немесе жіті респираторлық вирустық инфекцияның (бұдан әрі – ЖРВИ) өзге де белгілерін журналға тіркеу);

7) тәуекел топтарын ескере отырып, созылмалы аурулары бар студенттерге ерекше бақылауды қамтамасыз ету.

## **1-параграф. Бастауыш, орта және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы сабақ режиміне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

187. Мектепалды, 1-11 сыныптар үшін оқу процесін ұйымдастыру санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, 5-тен 180 адамға дейінгі контингенті бар мектептерден басқа, сыныптарда 15 адамға дейінгі балалары бар мектептерді қоспағанда, қашықтықтан жүргізіледі. Мектептерде тиісті жағдайлар болған кезде (күшейтілген санитарлық талаптар, педагогтердің келісімі) балалардың ата-аналары мен заңды өкілдерінің өтініштері бойынша ғана санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, мектепалды, 1-4 сынып оқушылары үшін 15 балаға дейін кезекші сыныптарды ашуға рұқсат етіледі.

188. Жергілікті атқарушы органдардың шешімі және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерімен келісім бойынша мектептерде тиісті жағдайлар болған кезде балалардың ата-аналары мен заңды өкілдерінің өтініштері бойынша мектепалды даярлық, 1-4 сыныптарда 15 балаға дейін толықтырылатын кезекші сыныптарда білім беру ұйымдарында оқыту жүргізіледі.

189. Кабинеттерде жүру, мұғалімге бару, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізу шектеледі.

190. Кезекші сыныптарда оқытуды ұйымдастыру кезінде мынадай талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

- 1) сыныптың толымдылығы - 15 баладан аспайды;
- 2) сабақтың ұзақтығы - 40 минут;
- 3) әр түрлі сыныптар үшін әр уақыттағы өзгерістер;
- 4) әр сабақтан кейін кабинеттерді желдету, кварцтау;
- 5) әр сабақтан кейін қолды жуу және арнайы құралдарды қолдану;
- 6) сабақ кестесі білім беру ұйымының оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалады;
- 7) сабақтар кестеге сәйкес өткізіледі.

191. Арнайы сыныптарда/мектептерде кезекші сыныптарды қалыптастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініштері бойынша толымдылығы 12 адамнан аспайтын мектепалды даярлық және 1-4 сыныптар үшін жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қол жетімді байланыс құралдары арқылы осы Санитариялық қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылданады.

192. Сырқаттанушылықтың тұрақты қысқаруы кезінде мектептің, арнайы сыныптардың/мектептердің аралас форматқа біртіндеп ауысуы жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген форматқа бірінші болып мектепалды, 1-4 сынып оқушылары ауысады, 5-11 сынып қашықтықтан оқытуды жалғастырады.

193. Мектепалды, 1-4 сыныптар үшін білім беру ұйымдары ауысыммен және ауысыммен сабақ кестесін жасайды.

194. Білім беру ұйымдарында аралас форматта оқытуды ұйымдастыру кезінде мынадай талаптарды сақтау қажет:

1) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, мектепалды, 1-4 сыныптар үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру, физикалық байланыстарды қысқарту;

2) әр түрлі сыныптар үшін әр уақытта сабақтар арасында 1-4 сыныптарға арналған үзілістерді ұйымдастыру;

195. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдай одан әрі тұрақты жақсарған жағдайда 5-11 сынып оқушылары штаттық режимге көшеді.

196. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған), дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың, жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, барлық сыртқы байланыстары шектелген мектеп жанындағы интернаттардың жабық режимдегі жұмысын ұйымдастыру ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініштері негізінде жүргізіледі.

197. Жабық форматта сабақ режимін ұйымдастыру кезінде мынадай талаптарды сақтау қажет:

1) оқу жылының басында мектеп-интернатта тұру үшін білім алушылар мен қызметкерлердің бір мезгілде келуі жүзеге асырылады;

2) білім беру ұйымының әкімшілігі жасаған және бекіткен кестеге сәйкес ауысыммен (7-14 күн) педагогикалық қызметті жүзеге асырылады (мұғалімдер, тәрбиешілер, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары);

3) білім беру ұйымдары үшін белгіленген тәртіппен ауысымға түсетін педагог қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылауды жүзеге асырылады;

4) білім беру процесін жабық режимде жүзеге асыратын мұғалімдер, тәрбиешілер мен мамандар үшін тұру, тамақтану, педагогикалық процеске дайындалу үшін жағдайларды қамтамасыз етіледі;

5) оқу-тәрбие процесіне тікелей қатысы жоқ әкімшілік-басқару құрамының, қосалқы және техникалық қызметтердің қызметі қашықтықтан да, штаттық режимде де жүзеге асырылуы мүмкін.

6) штаттық режимде қызметті ұйымдастыру кезінде педагогикалық ұжымның, техникалық қызметтердің байланыстарын болдырмайды.

7) интернет-ресурстарды, басқа да қол жетімді байланыс құралдарын пайдалана отырып, ата-аналармен (заңды өкілдермен) қашықтық тәртіппен байланысты жүзеге асырылады;

8) сабақтың ұзақтығы - 40 минут деп белгіленеді;

9) әр түрлі сыныптар үшін әр уақыттағы үзілістер белгіленеді;

10) әр сабақтан кейін кабинеттерді желдету, кварцтау жүргізіледі;

11) әр сабақтан кейін қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;

12) сабақ кестесі білім беру ұйымының оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалады;

13) сабақтар кестеге сәйкес өткізіледі.

198. Білім алушының компьютерде жұмыс істеуі сабақ ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

199. Мектепалды сыныптарда және мектептерде тікелей бейнетерминалмен, дербес компьютермен, планшетті дербес компьютермен және ноутбуктермен сабақтардың үздіксіз ұзақтығы оқу сағаты ішінде:

1) мектепалды, мектепке дейінгі топтарда / сыныптарда және 1 сыныптарда - 15 минуттан аспайды;

2) 2-3 сыныптарда - 20 минуттан аспайды;

3) 4-5-сыныптарда - 25 минуттан аспайды;

4) 6-8 сыныптарда - 25 минуттан аспайды;

5) 9-11(12) сыныптарда - 30 минуттан аспайды.

200. Компьютерлермен және ноутбуктермен тікелей жұмыс істеу ұзақтығы 2 сағаттан аспайды. Жұмыс кезеңінде профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі: әр 20-25 минут сайын көзге арналған жаттығулар және үзіліс кезінде 45 минуттан кейін дене шынықтыру үзілісі.

201. Арнайы білім беру ұйымдарында (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (бұдан әрі – ПМПК), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде (бұдан әрі – ППТК), оңалту орталықтарында (бұдан әрі – ОО) жұмысты ұйымдастыру жергілікті атқарушы органдардың шешімі және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, қашықтықтан, штаттық режимде жүргізіледі.

202. ППТК-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен психологиялық-педагогикалық процесті ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, жеке және кіші топтық бағдарламаларға, жеке кестеге және бірнеше ауысымдағы сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

203. Жеке және кіші топтық сабақтарды оларды кезектестіре отырып өткізуге жол беріледі: біреуі штаттық режимде – біреуі педагогтің қашықтан қол жеткізу мүмкіндігімен қашықтықтан форматта (ұйымнан тыс).

204. ППТК-да кіші топтық сабақтар баланың ата-анасын (заңды өкілдерін) қоса отырып, 5 баладан аспайтын құрамда өткізіледі.



205. ППТК жағдайындағы сабақтардың ұзақтығы ерте жастағы балалар үшін 20-25 минутты, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін 30-35 минутты құрайды. Сабақтар арасындағы аралық 10-15 минутты құрайды.

206. Емдік дене шынықтыру (бұдан әрі – ЕДШ) залда ата-аналары (заңды өкілдері) ата-анасы (заңды өкілдері) мен педагог (1-1,5 м.) арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтай отырып, сабаққа қатыса отырып өткізіледі. Сабақтарға балаларды алып жүретін адамдардың мынадай санаттары жіберілмейді:

- 1) расталған коронавирустық инфекциямен байланыста болғандар;
- 2) жүкті әйелдер;
- 3) 65 жастан асқан адамдар;

4) жедел респираторлық аурулардың белгілері бар адамдар. ЕДШ нұсқаушысының баламен жұмысы бір рет қолданылатын қолғаптар мен маскаларды пайдалана отырып жүргізіледі.

207. Ауырып сауыққан балаға және (немесе) ол коронавирустық инфекциямен ауыратын науқаспен байланыста болған жағдайда, ППТК-да сабақтарды жалғастыру үшін медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы дәрігердің медициналық қорытындысы болған кезде жол беріледі.

208. ОО-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен оқу-дамыту және психологиялық-педагогикалық процесті ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, жеке, топтық және топтық бағдарламаларға, жеке кесте мен сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

209. Коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылық бойынша санитариялық – эпидемиологиялық жағдай жақсарғанға дейін жеке және кіші топтық сабақтарды кезектестіре отырып өткізу: біреуі штаттық режимде-біреуі қашықтықтан форматта. Педагогтың қашықтан қол жеткізу мүмкіндігімен (ұйымнан тыс) қашықтан оқыту форматында сабақтар өткізу жүргізіледі.

210. Сабақтарды штаттық режимде ұйымдастыру кезінде мүмкіндігінше баламен дене байланысын шектеу, мүмкіндігінше баланың қажетті ойыншықтары мен үйдегі дидактикалық материалдары пайдаланылады.

211. РО-да кіші топтық сабақтар баланың ата-анасын (заңды өкілдерін) қоса отырып, 5 баладан аспайтын құрамда өткізіледі.

212. Сабақтың ұзақтығы ерте жастағы балалар үшін 20-25 минутты, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін 30-35 минутты құрайды. Сабақтар арасындағы интервал 10-15 минутты құрайды.

213. ЕДШ сабаққа ата-ананы (заңды өкілдері) қосып, ата-ана мен педагог арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтай отырып, қатаң түрде залда өткізіледі (1-1,5 м). ЕДШ нұсқаушысының баламен жұмысы бір рет қолданылатын қолғаптар мен маскаларды пайдалана отырып жүргізіледі.

214. Ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша ОО-да 12 адамнан аспайтын күндізгі және қысқа мерзімді болу топтары штаттық режимде жұмыс істеуі мүмкін.

215. Физиопроцедураларды, массаждарды жүргізу кезінде кушеткалар арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтай отырып, бөлмеде 2-ден аспайтын баланың болуын шектеу. Баламен медициналық процедуралар бір рет қолданылатын қолғаптар мен маскаларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

216. ПМПК балаларды консультацияға алдын ала жазылу бойынша қызметті жүзеге асырады.

217. ПМПК-да диагностикалық топ болған жағдайда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қашықтан режимде жұмысты ұйымдастыру ОО және ППТК үшін іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақ режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

218. ТжКБ ұйымдары жергілікті атқарушы органдардың шешімі және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша қашықтан, аралас, штаттық форматтарда жұмыс істейді. Ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардың ТжКБ ұйымдарында 15 студентке дейін топтарда толымдылықпен штаттық режимде оқытуға жол беріледі.

219. ТжКБ ұйымдарында мәдени-бұқаралық және тәрбиелік, бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізуге жол берілмейді.

220. Білім беру бағдарламаларын немесе олардың бөліктерін іске асыру кезінде ТжКБ ұйымы:

1) үй-жайдағы жобалық қуаттың 30% - ынан аспаған кезде корпустарда, аудиторияларда адамдардың бір мезгілде болуы қажет;

2) спорт, акт залдарын топтармен толтыру жобалық қуаттылықтың 30% - нан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады;

3) 65 жастан асқан адамдар мен ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрған адамдар аудиториялық сабақтарды олардың келісімінсіз өткізуге жіберілмейді.

221. Сырқаттанушылық деңгейі тұрақты төмендеген жағдайда колледжді біртіндеп аралас форматқа көшіру жүзеге асырылады.

222. Оқу сабақтары қашықтан және штаттық режимде ұйымдастырылады. Штаттық режимде оқыту барлық санитариялық нормаларды сақтай отырып, күндерді және (немесе) пәндерді кезектестіре отырып (күн шегінде немесе аптаның күндері бойынша) топтарда (немесе кіші топтарда) жүзеге асырылады.

223. Бірінші болып бітіруші топ студенттері штаттық режимге ауысады. Аралық курс білім алушылары қашықтықтан оқытуды жалғастыруда.

224. Штаттық, аралас форматтарда оқытуды ұйымдастыру кезінде:

- 1) кемінде 1,5 метр қашықтың сақталуын ескере отырып, аудиторияларда сабақтар өткізу, кабинеттік жүйенің күшін жоюмен өткізіледі;
- 2) әр топ үшін сабақтар арасындағы үзілістер жеке ұйымдастырылады;
- 3) кітапханаларда оқу залдары жабылады, тек кітап беру жұмыс істейді;
- 4) студенттерге, педагогтарға, өндірістік оқыту шеберлеріне, басқа қызметкерлерге, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау туралы нұсқама жүргізіледі;
- 5) жатақханаларда бөлу тұратындар арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және бөлмелерді 30%-ға дейін толтыру арқылы жүзеге асырылады.

### **3-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында сабақ режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

225. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жергілікті атқарушы органдардың шешімі және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша қашықтықтан, аралас, штаттық форматтарда жұмыс істейді.

226. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында эпидемияға қарсы мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) оқу және өзге де корпустардың, жатақханалардың ішінде желдету жүйелері мен ауа баптау жүйелері жұмыс істейді, желдету режимі сақталады;

2) үй-жайдағы жобалық қуаттың 40-50%-ынан аспаған кезде корпустарда, аудиторияларда адамдардың бір мезгілде болуы қажет;

3) спорттық, акт, ағынды залдарды топтармен толтыру жобалық қуаттың 40-50% - нан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады;

4) ағынды аудиторияларды (сыйымдылығы 40 адамнан астам), кітапханаларды өңдеу әрбір 4 сағат сайын бактерицидті шамды 15 минутқа қосу, ылғалды жинау және кейіннен желдету арқылы жүргізіледі;

5) аудиторияларды (сыйымдылығы 40 адамнан кем) өңдеу күн сайын бактерицидті шамды 15 минутқа қосу, ылғалды жинау және кейіннен желдету арқылы жүргізіледі;

6) корпус (корпустар) ішінде қосымша өткізу режимін болжайтын аймақтарға бөлу жүйесі енгізіледі;

7) зертханалық, практикалық және студиялық сабақтар 1 білім алушыға кемінде 5 м<sup>2</sup> қамтамасыз етумен жүргізіледі;

8) оқу процесінде пайдаланылатын жұмыс орындарында, зертханаларда, аудиторияларда (қажет болған жағдайда) мөлдір қалқалар орнату көзделеді.

227. Білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар, курстыңдаушылары) үшін бағдарлау апталары шеңберінде орнату сабақтарын өткізуге жол берілмейді.

228. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында бұқаралық оқу және тәрбие, спорттық іс-шараларды өткізуге жол берілмейді.

229. Жатақханаларда бөлу тұратындар арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және бөлмелерді 50% - ға дейін толтыру арқылы жүзеге асыру.

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
1-қосымша

## Зертханалық-аспаптық зерттеулер

Кесте

№	Сынама алу орны	Зертханалық зерттеулер, саны (бірлік)	Зерттеу кезеңділігі
1	2	3	4
1	Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге білім беру, тәрбиелеу, тұру орындарының ұйымдары, барлық түрдегі және типтегі интернат ұйымдары		
1.1	ас блоктары	микробиологиялық зерттеулерге тамақ өнімдерінің (шикізат) сынамалары	ағымдағы қадағалау тәртібінде
		микробиологиялық зерттеулерге алынатын дайын тағамдардың сынамалары	ағымдағы қадағалау тәртібінде
		микробиологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулерге су сынамалары	ағымдағы қадағалау тәртібінде (жылына бір рет)
		тағамдардың құнарлығы	ағымдағы қадағалау тәртібінде
		термиялық өңдеу сапасы	ағымдағы қадағалау тәртібінде
		сыртқы орта шайындылары	ағымдағы қадағалау тәртібінде
		дезинфекциялау құралдарындағы хлордың қалдығын айқындау	ағымдағы қадағалау тәртібінде
		бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеулерге жергілікті сумен жабдықтау көздерінен орталықтандырылған, құдықтар, ұңғымалар, каптаждар) алынатын ауыз су	ағымдағы қадағалау тәртібінде (жылына бір рет)
персоналды бактериологиялық тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша		

1.2	қабылдау бөлмелері, жатын бөлмелер, оқу үй-жайлары, шеберханалар, спорт және музыка залдары, медициналық кабинеттер, демалуға және ұйықтауға арналған үй-жайлар, компьютерлік	температурасы, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы	объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген кезде, ағымдағы қадағалау тәртібінде (жылыту маусымы кезеңінде жылына бір рет)
Р/с	Объектілер	Зертханалық зерттеулер	Зерттеу кезеңділігі
1	2	3	4
1.2	сыныптар		
1.3	зертханалар, химия кабинеті, спорт залдары, шеберханалар, ас блоктары	желдетудің, шудың тиімділігін зерттеу	ағымдағы қадағалау тәртібінде (жылына бір рет)
	су тарату крандары - ғимаратқа, ас блоктарына (бөлек блокта орналасқан кезде) – судың кіру және шығу орындары	су құбыры жүйесінен алынатын су (бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулер)	объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген кезде, ағымдағы санитариялық қадағалау
1.4	құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары	бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеулерге жергілікті сумен жабдықтау көздерінен (орталықтандырылған, құдықтар, ұңғымалар, каптаждар) алынатын ауыз су	объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген кезде, ағымдағы қадағалау тәртібінде
1.5.	ыдыстарға өлшеп-құйылған суды пайдаланатын объектілер	ыдыстарға өлшеп-құйылған ауыз су (шөлмектердегі суды қоспағанда)	ағымдағы қадағалау тәртібінде
1.6	жабық жүзу бассейндері және ванналар	бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеуге алынатын су сынамалары	объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген кезде, ағымдағы қадағалау тәртібінде
1.7	компьютерлік және мультимедиялық сыныптар, кабинеттер	жұмыс орындарындағы электромагниттік, электростатикалық өрістердің кернеуі, аэроиондардың шоғырлану және униполярлық коэффициент деңгейі, шу	объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген кезде, ағымдағы қадағалау тәртібінде
1.8	оқу үй-жайлары, зертханалар, шеберханалар, өзін-өзі дайындау бөлмесі, оқу залы, медициналық кабинет	жасанды жарықтандыру деңгейі	объектінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген кезде, ағымдағы қадағалау тәртібінде
Р/с	Объектілер	Зертханалық зерттеулер	Зерттеу кезеңділігі
1	2	3	4
1.9	пешпен немесе автономды, электрсіз жылытылатын	ауа ортасын зерттеу	ағымдағы қадағалау тәртібінде

	үй-жайлар, медициналық кабинеттер		
1.10	ойын алаңдарындағы құмды алаңқай	топырақты зерттеу	ағымдағы қадағалау тәртібінде мамырдан бастап қыркүйекке дейінгі кезеңде
1.11	балалар тауарларының ассортиментін сатып алуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары	балалар тауарларының ассортименті (киім, аяқ киім, ойыншықтар, косметикалық құралдар, кеңсе тауарлары, ыдыс, гигиена құралдары және басқалар)	жылына бір рет

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
2-қосымша

## **Жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуы Жалпы білім беретін ұйымдар сыныптарының толықтырылуы**

1-кесте

№	Топтар (сыныптар)	Жасы	Балалар саны
1	2	3	4
1.	Мектеп алды дайындық топтары (сыныптары)	бес (алты) жастан алты (жеті) жасқа дейін	25-тен артық емес
2.	Жалпы білім беру ұйымдарының сыныптары	6 (7) жастан 18 жасқа дейін (1 – 11 (12)-сыныптар)	25-тен артық емес
3.	Шағын жинақталған мектептердегі сыныптар	6 жастан 18 жасқа дейін (1 – 11 (12)-сыныптар)	5-10-нан 25 –ке дейін

Ескертпе:

Жалпы білім беретін ұйымдар үшін сыныптарды толықтыру 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді. Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында, мамандырылған білім беру ұйымдарында, гимназияларда және лицейлерде сыныптардың толықтыруын 20 оқушыға дейін азайтуға жол беріледі.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс – шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру, төтенше жағдай енгізу, белгілі бір аумақта төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда білім беру ұйымдарының сынып-жинақтары 1 сыныпта 15 білім алушыларға дейін қалыптастырылуы мүмкін.

## **Арнайы білім беру ұйымдарында сыныптарды, тәрбиелеу топтарын, ұзартылған күн топтарын толықтыру**

2-кесте

--	--	--	--

Балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары	Сыныптағы (топтағы) балалар саны
	мектеп жасы
1	2
Сөйлеу қабілеті бұзылған:	
сөйлеу қабілеті қатты бұзылған	12
жекелеген дыбыстарды айта алмау фонетикалық-фонематикалық дамымаған	12
Есту қабілеті бұзылған:	
естімейтін	8
нашар еститін және кейіннен саңырау болған	10
Көру қабілеті бұзылған:	
көзі көрмейтін, кейіннен соқыр болған:	8
нашар көретін	12
амблиопия және қылилық	10
жеңіл ақыл-ой кемістігі	10
орташа ақыл-ой кемістігі	6
ауыр ақыл-ой кемістігі	4
психикалық дамуы тежелген	12
тірек-қозғалыс аппараты бұзылған	10
күрделі кемістігі бар	6
эмоциялық-ерік бұзылыстары бар	4

### Ескертпе:

1. Жергілікті жағдайларға және қаражаттың болуына қарай көрсетілген арнайы білім беру ұйымдарында ұзартылған күн сыныптарын, тәрбиелеу топтарын толықтырудың ұсынылған шекті толықтырудан төмен болуына жол беріледі.

2. Дене бітімінің кемістігі және ақыл-ой кемістігі бар балалар топтарының саны ( арнайы топ) 4 – 6-ны құрауы мүмкін.

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
3-қосымша

## Жалпы білім беретін ұйымдардағы апталық оқу жүктемесі

Кесте

Сынып	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жүктеме сағатпен, аптасына												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Инвариантты оқу жүктемесі	20,5	22	23	26	26	28	28	29	31	33	22	22
Сабақтар, факультативтер, таңдау бойынша курстар (жоғарғы сыныптарда бейіімдеу пәндері, колданбалы курстар)	1,5	-	1	1	1	3	3	3	3	3	14	14

Жеке және топтық консультациялар, белсенді қозғалыс сипатындағы сабақтар	-	2	1	2	2	2	2	2	2	2	3	3
Ең көп оқу жүктемесі	22	24	25	29	29	33	33	34	36	38	39	39

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
4-қосымша

## Қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі

Кесте

№	Пән	Балл саны
1	2	3
1	Математика, орыс тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін), Математика, қазақ тілі (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін)	11
2	Шет тілі, пәндерді шет тілінде оқу	10
3	Физика, химия, информатика, биология	9
4	Тарих. Адам. Қоғам. Құқық.	8
5	Қазақ тілі, әдебиет (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін) Орыс тілі, әдебиет (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін)	7
6	Жаратылыстану, география, өзін-өзі тану, АӘД	6
7	Дене шынықтыру	5
8	Еңбек, технология	4
9	Сызу	3
10	Бейнелеу	2
11	Ән сабағы	1

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
5-қосымша

## Оқу жиһазының өлшемдері

Кесте

№	Жиһаздың нөмірлері	Оқушылар бойынша тобы (миллиметрмен)	Білім алушыға қараған үстел жиегінің еденнен биіктігі	Орындықтың алдыңғы жиегінің еденнен биіктігі
1	2	3	4	5
1	1	1000 – 1150	460	260
2	2	1150 – 1300	520	300
3	3	1300 – 1450	580	340
4	4	1450 – 1600	640	380
5	5	1600 – 1750	700	420
6	6	1750-ден жоғары	760	460



## Объектілердің оқу және тұрғын корпустарындағы санитариялық аспаптарға қажеттілік

1-кесте

### Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарындағы оқу корпустарының санитариялық аспаптарға қажеттілігі

№	Үй-жай	Өлшем бірлігі	Санитариялық аспаптардың есепті саны
1	2	3	5
1	Оқушылар дәретханалары және қолжуғыштары: қыздарға ұлдарға	1 білім алушы 1 білім алушы	20 қызға 1 унитаз, 30 қызға 1 қолжуғыш 30 ұлға 1 унитаз, 40 ұлға 0,5 писсуар лотогы, 30 ұлға 1 қолжуғыш
2	Персонал дәретханалары және қолжуғыштары (жеке)	2 санторап	1 унитаз, 1 қолжуғыш
3	Әйелдердің жеке гигиена кабинеті (персоналға арналған)	1 кабина	1 гигиеналық себезгі, 1 унитаз, 1 қолжуғыш
4	Жалпы мектеп үй-жайлары блогындағы акті залы – дәрісханасы жанындағы дәретханалар және қолжуғыштар	2 санторап (әйелдер және ерлер)	30 орындық залға 1 унитаз және 1 қолжуғыш
5	Спорт залдардың киім шешетін орындары жанындағы дәретханалар және себезгілер	1 киім шешетін бөлме	1 унитаз, 1 қолжуғыш, 2 себезгі торы
6	Асханадағы персоналға арналған дәретханалар және себезгілер	1 санторап және 1 себезгі кабинасы	1 унитаз, 1 қолжуғыш, 1 себезгі торы
7	Қыздарға арналған жеке гигиена кабинасы	1 кабина	1 гигиеналық себезгі, 1 унитаз, бір кабинаға 1 қолжуғыш, 70 қызға бір кабина
8	Медициналық кабинеттегі персоналға арналған дәретханалар	1 санторап	1 унитаз, 1 қолжуғыш
9	Тамақ ішетін залдар жанындағы қолжуғыштар: соқыр және нашар көретіндерге арналған мектеп-интернаттарда ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған мектеп-интернаттарда жалпы білім беретін, мамандандырылған ұйымдарда, саңырау мен нашар еститін, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттарда	1 білім алушы 1 білім алушы 1 білім алушы	10 орынға 1 қолжуғыш 15 орынға 1 қолжуғыш 20 орынға 1 қолжуғыш

## Мектептен тыс ұйымдар үшін санитариялық аспаптарға қажеттілік

2-кесте

№	Үй-жай	Өлшем бірлігі	Санитариялық аспаптардың есепті саны
1	2	3	5
1	Оқушылар қыздарға ұлдарға дәретханалары:	1 білім алушы 1 білім алушы	20 қызға 1 унитаз, 30 қызға 1 қолжуғыш 30 ұлға 1 унитаз, 0,5 писсуар лотогы және 1 қолжуғыш
2	Персонал дәретханалары және қолжуғыштары (жеке)	2 санторап	1 унитаз, 1 қолжуғыш
3	Спорт залдардың киім шешетін бөлмелері жанындағы дәретханалар және себезгілер	1 киім шешетін бөлме	1 унитаз, 1 қолжуғыш 2 себезгі торы

**Жалпы білім беретін, мамандандырылған және арнайы интернат ұйымдары, интернат ұйымдарының жатын корпустары, жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, КТБО тұрғын кешендеріндегі санитариялық аспаптар саны**

3-кесте

Үй-жайлар атауы	Өлшеуіш	Санитариялық аспаптар саны
1	2	4
Қыздарға арналған дәретханалар және қолжуғыштар	1 тәрбиеленуші	5 қызға 1 унитаз 4 қызға 1 қолжуғыш 10 қызға 1 аяқ ваннасы
Ұлдарға арналған дәретханалар және қолжуғыштар	1 тәрбиеленуші	5 ұлға 1 унитаз 5 ұлға 1 писсуар 4 ұлға 1 қолжуғыш 10 ұлға 1 аяқ ваннасы
Қыздарға арналған жеке гигиена кабиналары	1 кабина	15 қызға 2 кабина: 1 гигиеналық себезгі 1 унитаз 1 қолжуғыш (биде немесе иілгіш шлангі және тұғырық)
Себезгі кабиналар	1 кабина	10 жатын орынға 1 себезгі торы
Ванналар	1 орын	10 жатын орынға 1 ванна
Киім шешетін орын	1 орын	бір себезгі торына 2 орын (бір орынға ұзындығы 0,5 м орындық)
Себезгі бөлмесіндегі және ваннадағы дәретханалар	1 дәретхана	1 унитаз дәретхана жанындағы шлюзде 1 қолжуғыш

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-

## Жасқа байланысты граммен тағам порцияларының ұсынылатын массасы

Кесте

Тамақ ішу, тағам	Жасы	
	6 - 11 жас	11-18 жас
1	3	4
Бірінші тағам	200-250	250-300
Екінші тағам:		
Гарнир	100-150	150-180
Ет, котлет, балық, құс еті	80-150	100-180
Көкөніс, жұмыртқа, сүзбе, ет тағамы және ботқа	150-200	200-250
Салат	60-100	100-150
Үшінші тағам	200	200

"Білім беру объектілеріне  
қойылатын санитариялық-  
эпидемиологиялық талаптар"  
санитариялық қағидаларына  
8-қосымша

## Тамақ өнімдерін ауыстыру

Кесте

№	Ауыстыруға жататын өнім	Грамммен салмағы	Ауыстыратын өнім	Грамммен салмағы
1	2	3	4	5
1	Сыыр еті	100,0	1-санатты сүйегі бар кесек ет: қой еті, жылқы еті, қоян еті	100,0
			1-санатты сүйегі жоқ кесек ет: қой еті, жылқы еті, қоян еті	80,0
			1-санатты жылқы еті	104,0
			құс еті	100,0
			1 - санатты субөнімдер: бауыр, бүйрек, жүрек	116,0
			пісірілген шұжық	80,0
			ет консервілері	120,0
			балық	150,0
			жартылай майлы сүзбе	250,0
			сүт	600,0
2	Майы алынбаған сүт	100,0	кефир, айран	100,0
			қойылтылған стерилденген сүт	40,0
			кілегей	20,0

			майлы сүзбе	30,0
3	Қаймақ	100,0	кілегей	133,0
			сүт	667,0
4	Сүзбе	100,0	сүт	333,0
			ірімшік	40,0
			сүзбе ірімшік	80,0
			қаймақ	50,0
			кілегей	66,0
5	Ірімшік	100,0	сиырдың сары майы	50,0
			қаймақ	125,0
			сүзбе	250,0
			сүзбе ірімшік	200,0
			сүт	825,0
			жұмыртқа	3 шт.
6	Жұмыртқа	1 шт.	ірімшік	33,0
			қаймақ	40,0
			сүзбе	80,0
7	Басы алынған балық	100,0	ет	67,0
			тұздалған майшабақ	100,0
			балықтың жон еті	70,0
			сүзбе	168,0
			ірімшік	50,0
8	Жемістер	100,0	жеміс-жидек шырыны	100,0
			кептірілген алма	20,0
			кептірілген өрік	8,0
			қара өрік	17,0
			жүзім	22,0
			қарбыз	300,0
			қауын	200,0

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 9-қосымша

## Тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы

1-нысан

Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің	Келіп түскен азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің	Келіп түскен азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін	Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін	Күндер бойынша азық-түлік шикізаты мен тамақ		
---	--	--	---	--	--	--

келіп түскен күні мен сағаты	Тамақ өнімдерінің атауы	с а н ы (килограммен, литрмен, данамен)	(органолептикалық бағалау нәтижелері)	өткізудің соңғы мерзімі	өнімдерін іс жүзінде өткізу күні мен сағаты	Жауапты адамның қолы	Ескертпе (бар болса)*
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе : \* Өнімдерді есептен шығару, кері қайтару фактілері және басқалар көрсетіледі.

## "С – витаминдеу" журналы

2-нысан

Тағамды дайындау күні және сағаты	Тағамның атауы	Қосылған витаминнің жалпы саны	Бір порциядағы "С" витаминінің мөлшері	Жауапты адамның қолы

## Тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналы

3-нысан

Тағамды және аспаздық өнімдерді дайындау күні және сағаты	Тағамның және аспаздық өнімнің атауы	Тағамның және аспаздық өнімнің дайындық дәрежесін қоса алғанда, органолептикалық бағалау	Өткізуге рұқсат ету (уақыты)	Жауапты орындаушы (Т.А.Ә.) (бар болса, лауазымы)	Бракераж жүргізген адамның Т.А.Ә. (бар болса)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: 7-бағанда дайын өнімді өткізуге тыйым салу фактілері көрсетіледі.

## Ас блогы жұмыскерлерін тексеріп-қарау нәтижелері

4-нысан

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Лауазымы	айы / күндері												
			1*	2	3	4	7	8	9	10	11	12	13	14	15... 30
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Ескертпе: \*дені сау, ауру, жұмыстан шеттетілді, санация жүргізілді, еңбек демалысы, демалыс

## \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ айына тамақ өнімдері нормаларының орындалуын бақылау тізімдемесі

5-нысан

	Тамақ өнімінің бір адамға граммен	Бір адамға күндер бойынша (барлығы) бруттода, г. алғанда іс	10 күнде 1 адамға бруттомен алғанда	Орташа алғанда	% (+/-)- д а
--	-----------------------------------	---	-------------------------------------	----------------	-----------------

№	Тамақ өнімінің атауы	алғандығы г (брутто) нормасы*	жүзінде өнім берілді / тамақтанатындар саны					барлығы тамақ өнімі берілді	1 адамға күніне	нормадан ауытқу
			1	2	3	...	10			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе: \_\_\_\_\_

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 10-қосымша

## Медициналық пунктті жарақтандыруға арналған медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың ең аз тізбесі

№	Медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың атауы	Саны
1	2	3
1	Жазу үстелі	1
2	Орындықтар	2-6
3	Кушетка	1
4	Кеңсе шкафы	1-3
5	Медициналық шкаф	1
6	Керме	1
7	Шыны қақпағы бар медициналық шағын үстел	1-2
8	Тоңазытқыш (вакциналарға және дәрі-дәрмектерге арналған)	2
9	Тонометр	1-2
10	Фонендоскоп	1-2
11	Бактерицидті шам	1-2
12	Медициналық таразы	1
13	Бой өлшегіш	1
14	Вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер	1-2
15	Үстелге қоятын шам	1
16	Медициналық термометрлер	20-50
17	Қайшылар	2
18	Қол жуатын раковина	1
19	Педальды қақпағы бар шелек	1
20	Вакциналардың қалдықтарын жоюға арналған ыдыс	2
21	Медициналық халаттар	2
22	Қалпақтар	2
23	Бір рет қолданылатын жаймалар	үнемі болады
24	Бір рет қолданылатын қағаз сүлгілер	үнемі болады
25	Жинауға арналған қоңыр түсті халаттар	1
26	Бір рет қолданылатын бетперделер	10-30

27	Жинау мүкәммалы: шелек, швабра, шүберек, шүберектерді сақтауға арналған сыйымдылықтар, қолғаптар	үй-жай жиынына қарай есептеледі
28	Дезинфекциялау құралдары	3 айға қор
29	Кеңсе тауарлары (журналдар, дәптерлер, желім, қаламсап, қағазтескі, степлер, корректор, папкалар және т.б.)	қажеттілігіне қарай
30	Кішкентай бикс	1 дана
31	Үлкен бикс	1 дана
32	Резеңке бұрау	4-6 дана
33	2 , 0 5 , 0 10,0 инелері бар шрицтер	1 0 д а н а 1 0 д а н а 5 дана
34	Пинцет	1 дана
35	Резеңке жылытқы	1-2 дана.
1	2	3
36	Мұзға арналған ыдыс	1-2 дана.
37	Бүйрек тәрізді науа	5 дана.
38	Металл қалақша	40 дана.
39	Аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар	5 дана.
40	Кілемше	
41	Сантиметрлік лента	1 дана
42	Көздің көргіштігін анықтауға арналған кестелер	1 дана
43	Дозаторлы сұйық сабын	үнемі болады

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талапта" санитариялық қағидаларына  
11-қосымша

## Объектілердің медициналық құжаттамасы

Медициналық құжаттама мыналар болып табылады:

- 1) инфекциялық ауруларды есепке алу журналы;
- 2) жіті инфекциялық аурулармен байланыстарды есепке алу журналы;
- 3) профилактикалық егулер картасы;
- 4) профилактикалық егулерді есепке алу журналы;
- 5) вакциналардың, басқа бактериялық препараттардың қозғалысын тіркеу журналы;
- 6) Манту сынамаларын тіркеу журналы;
- 7) Манту сынамасы бойынша зерттеп-қарауға жататын тәуекел тобындағы балаларды тіркеу журналы;
- 8) фтизиопедиатрда қосымша зерттеп-қарауға жататын туберкулиннің оң нәтижесі бар адамдар журналы;
- 9) гельминттерге зерттеп-қаралатын адамдарды тіркеу журналы;
- 10) баланың денсаулық паспорты;

- 11) тәуекел тобындағы балалардың тізімдері;
- 12) студенттерді флюорографиялық зерттеп-қарауды есепке алу журналы;
- 13) флюорографиялық оң нәтижесі бар адамдарды есепке алу журналы;
- 14) диспансерлік қадағалаудың бақылау картасы;
- 15) тереңдетілген профилактикалық медициналық тексеріп-қарау журналы, мамандардың актілері;
- 16) оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке медициналық карталары;
- 17) ас блогы жұмыскерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналы;
- 18) шикі өнімдерге арналған бракераж журналы
- 19) дайын тамақтың сапасын бақылау (бракераж) журналы
- 20) "С- витаминдеу" журналы;
- 21) бір айдағы тамақтану өнімдері нормаларының орындалуын бақылау тізімдемесі.

"Білім беру объектілеріне  
қойылатын санитариялық-  
эпидемиологиялық талапта"  
санитариялық қағидаларына  
12-қосымша

Кімге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ к.

мекенжайы бойынша тұратын  
кімнен \_\_\_\_\_

## Аты-жөні

Телефон \_\_\_\_\_

## ӨТІНІШ

Менің ұлымның (қызымның) \_\_\_\_\_

Аты-жөні толығымен, сыныбы  
1-тоқсанда кезекші сыныпта білім алуын ұйымдастыруыңызды сұраймын. Карантин және шектеу іс-шаралары аралығында баламның мектептегі оқу жағдайларымен танысқанымды және келісетінімді хабарлаймын.

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_